

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 29 СД СҚУ 29	Басылым: бірінші Издание: первое	5 беттің 1 беті Стр. 1 из 5
---	---	------------------------	-------------------------------------	--------------------------------

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы 2 қазандағы
№ 8 хаттама)
БЕКІТІЛДІ



**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
қызметкерлері мен білім алушыларын «Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы» заңнаманы бұзу фактілері немесе
болуы мүмкін бұзушылықтар туралы ақпараттандыру
нұсқаулығы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңына, Қоғамның Жарғысына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.
- Нұсқаулықтың Мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ішкі ақпараттандырудың тиімді тетіктерін қалыптастыру және ақпараттандыратын қызметкерлерді және білім алушыларды қорғауды қамтамасыз ету.
- Нұсқаулық қызметкерлер кәсіптік қызметті жүзеге асырған кезде немесе білім алушылар білім беру немесе ғылыми қызметті жүзеге асырған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтаған кездегі іс – қимыл тәртібін белгілейді.
- Нұсқаулық Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы инфрақұрылымның бөлігі болып табылады, оған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы Ереже, Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын анықтау және реттеу туралы ереже және Қоғамның басқа да нормативтік құжаттары кіреді.
- Нұсқаулық лауазымына және еңбек шартына қарамастан, Қоғамның барлық қызметкерлеріне және білім алушыларына қолданылады.

2. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

- Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - ақпарат беруші тұлға** – Осы Нұсқаулыққа сәйкес ақпаратты хабарлаған Қоғамның қызметкері немесе білім алушысы;
 - құпиялылық** – хабарлаушы қызметкердің немесе білім алушының жеке басының және хабарламада қамтылған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

Корпоративтік хатшының қолы
Полный корпоративного секретаря:

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 29 СД СҚУ 29	Басылым: бірінші Издание: первое	5 беттің 2 беті Стр. 2 из 5
---	---	------------------------	-------------------------------------	--------------------------------

3) **сыбайлас жемқорлық мінез – құлқы** – Университет қызметкерлерінің немесе білім алушылардың қызмет бабын теріс пайдалану немесе академиялық адалдық қағидаттарын бұзу арқылы жеке пайда алуға бағытталған іс - әрекеттері;

4) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) **заңсыз ықпал ету** - заңға, жарғыға немесе Университеттің ішкі құжаттарына қайшы келетін әрекеттерге (әрекетсіздікке) көндіру мақсатында қызметкерге не білім алушыға қысым көрсету немесе ықпал ету.

6) **сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлама** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нақты немесе болжамды бұзушылықтары туралы кез келген ақпарат;

7) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру** – бұл адамның басқа адамды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеуге бағытталған қасақана әрекеттері (көндіру, ұсыныс жасау, пайда табуға уәде беру, қысым көрсету, алдау немесе өзге де тәсілдер арқылы).

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ФАКТІЛЕРІ НЕМЕСЕ ЫҚТИМАЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ТӘРТІБІ

7. Қызметкерлер мен білім алушылар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында қандай да бір адамдардың оларға жүгіну фактілері туралы дереу хабардар етуге міндетті.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес еркін нысанда жазбаша түрде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысына мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі:

- 1) корпоративтік электрондық пошта арқылы;
- 2) Қоғамның ресми сайтындағы Төраға – Ректор Басқармасының блогы арқылы;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-консультант арқылы (онлайн-сервис: <https://truechat.ku.edu.kz/>);
- 4) Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне қолма-қол;
- 5) «сенім жәшігі» арқылы;
- 6) электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы.

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



9. Хабарламада мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:
 - 1) ақпарат берушінің тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуының сипаттамасы немесе қызметкерді немесе білім алушыны сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу мақсатында өтініш жасалған кездегі мән-жайлардың сипаттамасы;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысы бар адамдар немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға көндіру мақсатында сөз сөйлеген адамдар туралы белгілі мәліметтер (бар болса);
 - 3) хабарламашының қолы және хабарламаның жасалған күні.
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы хабарламаны алған күні Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналында (А қосымшасы) тіркеуді жүзеге асырады және Басқарма Төрағасы – Ректорды хабардар етеді.
11. Жасырын хабарламалар журналда «жасырын» деген белгімен тіркеледі және қаралмайды.

4. АҚПАРАТТАНДЫРУШЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12. Ақпараттандырушы тұлғаның құқықтары:
 - құпиялылық;
 - тәртіптік, әкімшілік және басқа да қудалаудан қорғау;
 - қарау нәтижелері туралы кері байланыс алу (контактілерді көрсеткен кезде);
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы құқық қорғау органдары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін растаса, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен марапат алу қарастырылады.
13. Ақпараттандырушы тұлғаның міндеттері:
 - шынайы ақпаратты және мүмкіндігінше дәлелдемелерді (құжаттар, куәгерлер, мессенджерлердегі хат алмасу) ұсыну.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ХАБАРЛАМАЛАР МЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

14. Хабарламаны қарау мерзімі – 10 жұмыс күнінен кешіктірмей.
15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы хабарламада көрсетілген нақты мән-жайларды анықтау мақсатында тексеру іс-шараларын жүргізеді.
16. Тексеру нәтижелері Басқарма Төрағасы - Ректорға тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша нысанда ұсынылады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайда Басқарма Төрағасы – Ректор анықталған ақпаратты жіберу туралы шешім қабылдайды:
 - Қоғамның Тәртіптік кеңесіне – әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері жоқ бұзушылықтар анықталған кезде;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған кезде.
18. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталмаса, бірақ тексеру іс-шаралары барысында Тәртіптік кеңестің немесе Қоғамның Әдеп жөніндегі комиссиясының қарауына жататын іс-қимылдар белгілері анықталса, онда материалдар үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоғамның жоғарыда көрсетілген алқалы органдарына қарау үшін жіберіледі.

6. АҚПАРАТ БЕРУШІЛЕРДІ ҚОРҒАУ

19. Ақпарат берушілер адал хабарлағаны үшін жұмыстан шығарылмайды, тәртіптік жазаланбайды немесе басқа да теріс салдарларға ұшырамайды.
20. Ақпарат беруші тұлғаның құпиялылығын қамтамасыз ету - Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басымдығы.
21. Қызметкер заңсыз ықпал еткен кезде мемлекеттік органдарға немесе құқық қорғау құрылымдарына жүгінуге құқылы.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22. Нұсқаулықтың орындалуын бақылау Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысына жүктеледі.
23. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға не сыбайлас жемқорлық фактілерін жасыруға кінәлі қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауаптылықта болады.

ӘЗІРЛЕНДІ:

СЖҚКҚ жетекшісі



И. Джемалединова

Корпоративтік хатшының қолы
 Подпись корпоративного секретаря:



А Қосымшасы

Тіркеу журналының нысаны

ЖУРНАЛ

**сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері және (немесе)
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу
мақсатында жүгіну фактілері туралы өтініштерді тіркеу**

№	Тіркеу күні мен уақыты	Ақпарат беруші тұлға туралы мәліметтер			Хабарламаның қысқаша мазмұны	Хабарламаны қабылдаған адамның Т.А.Ә.	Ескертпе
		Т.А.Ә.	Лауазымы	Телефон нөмірі			

